

«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

20.09.2025ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры сөз сөйлеп, Қамқоршылық кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылатынын атап өтті. Кеңес мүшелері Қамқоршылық кеңесі туралы ережемен таныстырылды. Ережеде кеңестің негізгі мақсаты, міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі, жұмыс тәртібі және кеңес мүшелерінің қызметі туралы толық мәлімет берілді.

Директор М.Овезова Қамқоршылық кеңесінің басты мақсаты – балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен сапалы білім-тәрбие алуына қолдау көрсету, сондай-ақ мекеменің ашықтығы мен қоғамдық бақылауын қамтамасыз ету екенін түсіндірді.

2. Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес құрамының кандидаттары таныстырылды. Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Гүлдер» жекеменшік балабақшасы жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес құрамыны белсенді ата-аналар, демеушілер, қоғам өкілдері, мүдделі тұлғалардың қатарынан қалыптастырылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес 3 жылға сайланды. Биылғы оқу жылында қамқоршылық кеңес мүшелеріне өзгеріс енгізілген жоқ.

Сейтахметов Амангелди - «Ақбидай» тобының ата-анасы

Изгалиева Сауле Жузбаевна - «Жауқазын» тобының ата-анасы

Шонкалова Айгул - Облыстық "Демеу" қоғамдық бірлестік төрағасы

Аяпбергенов Нұрдаулет Бақытұлы - Ақтау қаласы Полиция басқармасы ППБ аға қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты

Оңдағанова Алина - «Лалагүл» тобының ата-анасы

Овезов Атамұрат Есенұлы - Жеке кәсіпкер

Хайруллина Диана - «Құлпынай» тобының ата-анасы

Ұсынылған кандидатуралар кеңес мүшелерінің бірауыздан қолдауына ие болды.

Кеңес мүшелері жоспарды қолдап, оны бекітуді ұсынды.

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесі назарға алынсын. Кеңес мүшелері өз жұмыстарын аталған ережеге сәйкес жүргізсін
2. Қамқоршылық кеңесінің ұсынылған құрамы бекітілсін.
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Сейтахметов Амангелди, хатшы Хайруллина Диана қалдырылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін. Қажет болған жағдайда жұмыс жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана

